ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІ, АЗЫҚ-ТҮЛІК ШИКІЗАТЫ, ЖАНУАРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕМ

Құрамындағы кадмийдің, қорғасынның, күшәннің, сынаптың, хромның мөлшерін электр-термиялық атомдау арқылы атомдық-абсорбциялық әдіспен анықтау

ПРОДУКТЫ ПИЩЕВЫЕ, ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЕ СЫРЬЕ, КОРМА ДЛЯ ЖИВОТНЫХ

Определение содержания кадмия, свинца, мышьяка, ртути, хрома атомно-абсорбционным методом с электротермической атомизацией

ҚР СТ 2350-2013

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІ, АЗЫҚ-ТҮЛІК ШИКІЗАТЫ, ЖАНУАРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕМ

Құрамындағы кадмийдің, қорғасынның, күшәннің, сынаптың, хромның мөлшерін электр-термиялық атомдау арқылы атомдық-абсорбциялық әдіспен анықтау

ҚР СТ 2350-2013

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан метрология институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «Люмэкс-маркетинг» ЖШҚ (Санкт-Петербург) **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы 29 қазандағы № 509-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Ә 04-64-2010 «Тамақ өнімдері, азық-түлік шикізаты, жануарларға арналған жем. Құрамындағы кадмийдің, қорғасынның, күшәннің, сынаптың, хромның мөлшерін МГА-915, МГА-915М, МГД-915МД электр-термиялық атомдау арқылы атомдық-абсорбциялық әдіспен анықтау» негізінде әзірледі

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2019 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жыл сайын, сондай-ақ мәтін өзгерістер мен түзетулер ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (өзгертілу) жою жағдайында, тиісті хабарлар ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі.».

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІ, АЗЫҚ-ТҮЛІК ШИКІЗАТЫ, ЖАНУАРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕМ

Құрамындағы кадмийдің, қорғасынның, күшәннің, сынаптың, хромның мөлшерін электр-термиялық атомдау арқылы атомдық-абсорбциялық әдіспен анықтау

Енгізілген күні 2014-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт электротермиялық атомдау арқылы атомдық-абсорбциялық әдісті пайдалану арқылы ет және ет өнімдері, балық және балық өнімдері, бидай, ұн-тартатын, арпа және ұннан пісіретін бұйымдар, жеміс – көкөніс өнімдері (оның ішінде шай, кофе, шырын және шырын өнімдері), қант және кондитерлік бұйымдар (оның ішінде шоколад), тұз, биологиялық белсенді қоспалар, консервілер, жемдер, құрастырылған жемдер және оларды өндіретін шикізат сынамасындағы кадмий, қорғасын, күшән, сынап және хром мөлшерін анықтау әдісі белгіленеді. Сұйылтуды ескере отырып, элементтердің массалық үлесін өлшеу ауқымы 1-кестеде келтірілген.

Сынапты анықтау үшін сынапты – гидридті қондырма қосымша пайдаланылады.

Осы стандарт майлы шикізаттар мен майлы өнімдерге, сондай-ақ алкогольсіз және алкогольді сусындарға қолданылмайды.

1-кесте. Сұйылтуды ескере отырып, элементтердің массалық үлесін өлшеу ауқымы

Элемент	Өлшеу ауқымы, мг/кг (млн[1])
Кадмий	0,01 бастап 1 дейін қоса алғанда
Қорғасын	0,05 бастап 10 дейін қоса алғанда
Күшән	0,05 бастап 10 дейін қоса алғанда
Сынап	0,0025 бастап 1 дейін қоса алғанда
Хром	0,2 бастап 10 дейін қоса алғанда

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтеме нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.1-2009 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының Өлшем бірлікті қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу құралдары типін бекіту және сынақ өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының Өлшем бірлікті қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу құралдарының метрологиялық аттестациясын өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.79-2004 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Шетел өндірген заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандарттық үлгілері. Қолдануға рұқсат ету тәртібі. Негізгі ережелер.

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігін оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігін оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктеу және жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.009-2009 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ12.1.019-2009 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздігі. Қорғау түрлерінің жалпы талаптары мен номенклатурасы.

ГОСТ 12.4.009-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасы. Негізгі түрлер. Орналастыру және қызмет көрсету.

ГОСТ 177-88 Сутек тотығы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық өлшегіш шыны ыдыс. Цилиндрлер, өлшектер, құтылар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 3772-74 Реактивтер. Екі орналасқан аммоний фосфор қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4204-77 Реактивтер. Күкірт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4220-75 Реактивтер. Калий екі ромовоқышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5667-65 Нан және ұннан пісірілген бұйымдар. Қабылдау ережесі және сынамаларды іріктеу әдістері. Органолептикалық көрсеткіштер мен бұйым массасын анықтау әдістері.

ГОСТ 6709-72 Тазартылған су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7702.0-74 Құс еті. Үлгілерді іріктеу әдістері. Сапаны бағалаудың органолептикалық әдістері.

ГОСТ 9147-80 Зертханалық фарфор ыдыстар мен жабдықтар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9792-73 Шұжық бұйымдары және шошқа, қой, сиыр және союға арналған мал мен құс етінен жасалған өнімдер. Қабылдау ережесі және сынамаларды іріктеу әдістері.

ГОСТ 11088-75 Реактивтер. 6-сулы нитрат магний. Техникалық шарттар.

ГОСТ 11125-84 Тазалығы ерекше азот қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12026-76 Зертханалық сүзгіш қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13496.0-80 Құрастырылған жем, шикізат. Сынамаларды іріктеу әдісі.

ГОСТ 13586.3-83 Зерно. Қабылдау ережесі және сынамаларды іріктеу әдістері

ГОСТ 14261-77 Тазалығы ерекше тұз қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14262-78 Тазалығы ерекше күкірт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14836-82 Ұнтақтағы палладий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14919-83 Электроплиталар, электроплиткалар және ыстыққа төзімді тұрмыстық электршкафтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 19908-90 Тигльдер, тостағандар, стақандар, құтылар, құйғылар, сынауықтар және мөлдір кварц шынынан жасалған ұштар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 25336-82 Зертханалық шыны ыдыстар мен жабдықтар. Типтер, негізгі параметрлер мен өлшемдер.

ГОСТ 26312.1-84 Жарма. Үлгілерді қабылдау және іріктеу әдістері. Органолептиканы анықтау әдісі.

ГОСТ 26313-84 Жемістер мен көкөністерді өңдеу өнімдері. Үлгілерді қабылдау ережесі және іріктеу әдістері.

ГОСТ 26929-94 Тамақ өнімдері мен шикізат. Уытты элементтердің мөлшерін анықтауға арналған минералдау сынамаларын дайындау.

ГОСТ 27668-88 Ұн және кебек. Сынамаларды қабылдау және іріктеу әдістері

ГОСТ 28311-89 Зертханалық дозаторлар. Жалпы техникалық талаптар мен сынау әдістері.

ГОСТ 29169-91 Зертханалық шыны ыдыс. Бір белгісі бар тамшуырлар.

ГОСТ 29227-91 Зертханалық шыны ыдыс. Градуирленген тамшуырлар. 1-бөлім. Жалпы талаптар.

ГОСТ 29251-91 Зертханалық шыны ыдыс. Сынауықтар. 1-бөлім. Жалпы талаптар.

ГОСТ 30364.0-97 Арпа өнімдері. Сынамаларды іріктеу әдістері және органолептиканы анықтау.

ГОСТ 31339-2006 Балық. Балықтық емес объектілер және олардан жасалған өнімдер. Сынамаларды қабылдау ережесі және іріктеу әдістері.

ГОСТ ИСО 5725-6 Өлшеу нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы мен анықтығы). 6-бөлім.

ГОСТ Р 53150-2008 Тамақ өнімдері. Қалдық элементтерін анықтау. Жоғары қысымда минералдау әдісімен сынамаларды дайындау.

СанЕжН 168 от 25.01.2012 ж. «Қалалық және елді мекен жерлердегі атмосфералық ауаға, топырақтарда және адамға әсер ететін физикалық фактор көздері бар жұмыс шарттарына, қалалық және ауылдық елді мекен жер аумақтарының қауіпсіздігіне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелері (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы қаулысымен бекітілген).

ЕСКЕРТПЕ. Осы стандарты пайдалану кезінде үстіміздегі жылдың берілген «Қазақстан Республикасы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіші», «Стандарттау бойынша мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» жыл сайын жарық көретін ақпараттық көрсеткіші бойынша және үстіміздегі жылы жарияланған тиісті ай сайын жарық көретін ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтеме құжаттардың қолданылуын тексеру керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай алынып тасталған жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [1] және ҚР СТ 2.1 сәйкес терминдер қолданылады.

4 Әдістің мәні

Элементтің массалық үлесін өлшеу әдісі атомдық-абсорбциялық әдісті пайдалану арқылы электр-термиялық атомдау әдісімен алынған минералдауда кейіннен градуирлеу және олардың үлестік шоғырлануын өлшеумен тамақ өнімдері мен өндірістік шикізат, құрастырылған жемдер мен үш әдістің біреуімен (құрғақ күлдендіру, ылғал минералдау, жоғары қысымда минералдау) құрастырылған шикізат сынамаларын минералдауға негізделген.

Сынапты өлшеу алдында оның қосылыстары қалайы хлоридінің ерітіндісімен қалпына келтіріледі және спектрометрдің дайындалған графиттік кюветасын инертті газ тогымен жылжытады.

5 Өлшеу қателігінің алдын ала жазылған сипаттамалары

Осы стандарт 2-кестеде келтірілген өлшеу дәлдігі көрсеткішінің мәндерінен аспайтын қателігі бар нәтижелерді алуға қамтамасыз етеді.

2-кесте. Өлшеу дәлдігі көрсеткіштерінің мәндері

Өлшеу ауқымы, мг/кг (млн $^{-1}$)	Өлшеу дәлдігі көрсеткіші (P=0,95 ықтимал дәлдігі үшін салыстырмалы қателік шектері , ± δ, %)
Кадмий	
0,01 бастап 1 дейін қоса алғанда	26
Қорғасын	
0,05 бастап 0,2 дейін қоса алғанда	40
0,2 бастап 10 дейін қоса алғанда	26
Күшән	
0,05 бастап 10 дейін қоса алғанда	26
Сынап, ылғал минералдау	
0,0025 бастап 0.005 дейін қоса	36
0,005 бастап 1 дейін қоса алғанда	26
Сынап, жиілігі өте жоғары (ЖӨЖ) - минералдау	
0,005 бастап 0.02 дейін қоса алғанда	40
0,02 бастап 1 дейін қоса алғанда	26
Хром	
0,005 бастап 0.02 дейін қоса алғанда	40
0,02 бастап 1 дейін қоса алғанда	26

Қажет болған жағдайда өлшеу ауқымдары сынамаларды қосымша сұйылту есебінен үлкен мәндер жағына сияқты, сынама аспасын үлкейту және бос сынама шамасын түсіру есебінен де кіші мәндер жағына да кеңейтілуі мүмкін.

Осы жағдайда пайдаланушы 2-кестеде келтірілген метрологиялық сипаттамалардың алынған нәтижелерінің сәйкестігін растауға тиіс.

6 Өлшеу құралдары мен қосалқы құрылғылар, материалдар, реактивтер

Өлшеу әдісін орындау кезінде өлшеу құралдары, реактивтер, материалдар және басқа да қосалқы құрылғылар қолданылады.

6.1 Өлшеу құралдары мен қосалқы құрылғылар

Бөлу бағамы 0,1 мг және Өлшеудің ең жоғары шегі 210 г болатын дәлдік класы жоғары немесе арнайы зертханалық таразылар ГОСТ 24104 бойынша.

F1 класты, максималды номиналды массасы 1 г бастап 100 г дейін болатын Г-2-210 гир жиынтығы. 190 нм бастап 600 н дейін толқын ұзындығы аймағында жұмыс істейтін электр термикалық атомдалатын атомды-абсорбциялық спектрометр, мысалы, кадмий, қорғасын, күшән, сынап, хромды және арнайы жабдықталған программалық қамтамасыз етумен анықтау үшін спектралды шаммен жинақталған селективті емес сіңірудің Зееман түзетуі.

Өлшегіш құтылар 2-25-2, 2-50-2, 2-100-2, 2-250-2 ГОСТ 1770 бойынша.

Метрологиялық сипаттамасы бар бір арналы айнымалы көлемі 10-100 мм^3 және 1000-5000 мм^3 тамшуыр дозаторлары ГОСТ 28311 бойынша.

Граудирленген тамшуырлар 1(2,3)-1(2)-2-1(2,5,10) ГОСТ 29227 бойынша.

Бір белгілі тамшуырлар 1(2)-2-5(10) ГОСТ 29169 бойынша

Сыйымдылығы 10 мл болатын сынауықтар ГОСТ 29251 бойынша.

Сыйымдылығы 50 мл немесе 100 мл болатын өлшегіш цилиндрлер ГОСТ 1770 бойынша.

Анықталатын иондардың ертінді құрамының мемлекетаралық стандарттық үлгілері (аттестатталған мәнінің қателігі ± 1 %), МСО 1755:2012 (қорғасын), МСУ 1753:2012 (кадмий), МСУ 0095:1999 (күшән, хром), МСУ 0364-2002 (сынап).

Ионсыздандырылған суды алуға арналған қондырғы немесе бидистиллятор немесе белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжат бойынша электр өткізгіштігі 0,20 мкS/см^3 артық емес қамтамасыз ететін тазартылған суды айдауға арналған (кварц немесе шыны) құрал.

Сыйымдылығы 50; 100; 250 және 500 см^3 болатын термотөзімді зертханалық стақан ГОСТ 25336 бойынша.

Сыйымдылығы 100; 250; 500; 1000 см^3 болатын термотөзімді конус тәрізді құтылар ГОСТ 25336 бойынша.

Тұрмыстық электроплитка ГОСТ 14919 бойынша.

Зертханалық құйғылар ГОСТ 25336 бойынша.

Сыйымдылығы 50; 100; 250 см^3 болатын кварц тостағандар ГОСТ 19908 бойынша.

Фарфор тигльдер (№ 2-4) ГОСТ 9147 бойынша.

2-100-29, 2-250-29 Кьельдаль құты ГОСТ 25336 бойынша.

«көк таспа» күлсіздендірілген сүзгіштер ГОСТ 12026 бойынша

Саңылау тесігі 0,45 – 0,55 мкм болатын мембраналық сүзгіштер.

Сынаманың ыдырауын қамтамасыз ететін жүйе: микротолқынды пеш немесе белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжат бойынша параметрлері бар СВЧ.

Қателігі ± 25 °С болатын 150 °С бастап 600 °С дейінгі температуралық режимнің ұсталуын қамтамасыз ететін муфталық пеш немесе кедергі электр пеші.

Белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжат бойынша РГП-915 сынап – гидридты қондырма (сынапты анықтау үшін).

Метрологиялық сипаттамалары ұқсас немесе одан артық басқа типті өлшеу құралдары мен стандарттық үлгілерін қолдануға рұқсат етіледі.

Пайдаланылатын өлшеу құралдары ҚР СТ 2.21 сәйкес типін бекіту мақсаттары үшін сынақ нәтижелері бойынша немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестаттау Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етіледі және ҚР СТ 2.4 сәйкес салыстырып тексерілуге тиіс.

Шет елдердің стандарттық үлгілері ҚР СТ 2.79 стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілуге тиіс.

Сынап және күшәнді анықтау үшін қосымша мыналар қажет:

Сыйымдылығы 500 см^3 болатын түбі дөңгелек құтылар КГУ-2-1 -500-29/32 ТС ГОСТ 25336 бойынша

ХШ-1 кері сулы тоңазытқыш ГОСТ 25336 бойынша.

Өлшемдерді орындауға химиялық ыдысты дайындау тәртібі А қосымшасында көрсетілген.

Дәлдігі қажет етілетін өлшемдердің өткізілуін қамтамасыз ететін басқа да өлшеу құралдары мен қосалқы жабдықты қолдануға рұқсат етіледі.

6.2 Реактивтер

Осы стандартта белгіленген сынақ әдісі үшін тазалық дәрежесі белгіленген реактивтер ғана қолданылады:

- ГОСТ 6709 талаптарына сәйкес келетін тазартылған немесе ионсыздандырылған су ГОСТ 6709 бойынша;
- азот қышқылы, ГОСТ 11125 бойынша;
- тұз қышқылы, ГОСТ 14261 бойынша;
- күкірт қышқылы, ГОСТ 4204 бойынша;

- сутек тотығы, (30 %) ГОСТ 177 бойынша;
- палладий нитраты, т.ұ.т. ГОСТ 14836 бойынша;
- магний нитраты, т.ұ.т. ГОСТ 11088 бойынша;
- аммоний дигидрофосфаты (фосфаттық модификатор) х.т. ГОСТ 3772 бойынша.

Сынапты анықтау үшін қосымша мыналар қажет:

- калий бихроматы, х.т. ГОСТ 4220 бойынша;
- күкірт қышқылы, х.т. ГОСТ 14262 бойынша;
- қалайы хлориді (II) 2-сулы, т.ұ.т. белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжат бойынша;
- гексахлорплатин қышқылы, белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжат бойынша;

7 Қауіпсіздік талаптары

Өлшеуді орындау кезінде ГОСТ 12.1.007 бойынша химиялық реактивтермен жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы талаптары, ГОСТ 12.1.019 бойынша электр қондырғыларымен бірге жұмыс кезінде электр қауіпсіздігі талаптары, сондай-ақ атомды – абсорбциялық спектрометрге арналған нормативтік құжатта көрсетілген талаптар сақталуы керек.

Ғимарат ГОСТ 12.1.004 бойынша өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келуге ГОСТ 12.4.009 бойынша өрт сөндіру құралдары болуға тиіс. Ауадағы зиянды заттардың мөлшері «Қалалық және елді мекен жерлердегі атмосфералық ауаға, топырақтарда және адамға әсер ететін физикалық фактор көздері бар жұмыс шарттарына, қалалық және ауылдық елді мекен жер аумақтарының қауіпсіздігіне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелерінде көрсетілген рұқсат етілген мәндерден аспауға тиіс.

Сынаптың массалық үлесін өлшеуді орындау кезіндегі қауіпсіздік талаптары және құрамында сынабы бар ерітінділерді кәдеге асыру Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжатқа сәйкес.

8 Оператор біліктілігіне қойылатын талаптар

Өлшеуді орындауға және олардың нәтижелерін өңдеуге жаттығу процесіне талдау әдістерін игерген тиісті нұсқаулықтан өткен және оң нәтижелі өлшеу дәлдігін бақылау процедурасынан өткен, химия зертханасында жұмыс тәжірибесі және жоғары немесе арнайы орта химиялық білімі бар маман жіберіледі

9 Өлшемдерді орындау шарттары

Өлшемдер мына жағдайларда орындалады:

- қоршаған ауа температурасы (20 ± 5) °С;
- ауаның салыстырмалы ылғалдығы 40 % бастап 80 % дейін;
- атмосфералық қысым (84,0 – 106,7) мм рт.ст.;
- қуаттандыру кернеуі 220 В (± 10 %);
- жарықтандыру 300 люкс кем емес.

10 Градуирлеу қисығын салу

Градуирлеу қисығы өлшемдер өткізгенге дейін кемінде 24 сағат 10.1 – 10.2 тармақтар бойынша құрылады.

10.1 Ерітінділерді дайындау

Барлық ерітінділер тазартылған (йонсыздандырылған) суды пайдалану арқылы дайындалады. Су сапасын тексеру 11.6.2 бойынша өткізіледі.

10.1.1 Көлемдік үлесі 0,3 % болатын азот қышқылы ерітіндісін дайындау

Конус тәрізді құтыға 300 $см^3$ немесе 400 $см^3$ екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) су құяды, араластыру кезінде 3 $см^3$ концентрацияланған азот қышқылымен 1000 $см^3$ дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) жеткізіп араластырады.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған ыдыста сақтау мерзімі шектелмеген.

Әрбір пайдалану алдында 11.6.2 бойынша ерітінді сапасы тексеріледі.

10.1.2 Көлемдік үлесі 25 % болатын тұз қышқылы ерітіндісін дайындау

Конус тәрізді құтыға 750 $см^3$ екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) су құйылады, араластыру 250 $см^3$ концентрацияланған тұз қышқылы құйылып араластырылады.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған ыдыста сақтау мерзімі шектелмеген.

10.1.3 Үлестік шоғырлануы 0,5 г/$дм^3$ болатын палладий нитраты ерітіндісін дайындау

Сыйымдылығы 25 $см^3$ өлшегіш құтыға 1,25 $см^3$ бастапқы реактив ерітіндісі (үлестік шоғырлануы 10 г/$дм^3$) құйылады және белгіге дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен жеткізеді.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған жабық ыдыста сақтау мерзімі – 6 ай.

10.1.4 Аралас фосфат -магний модификатор ерітіндісін дайындау

Сыйымдылығы 25 $см^3$ өлшегіш құтыға 1,25 $см^3$ аммоний дигидрофосфаты ерітіндісі (үлестік шоғырлануы 100 г/$дм^3$) құйылады және 1,25 $см^3$ магний нитраты бастапқы ерітіндісі (үлестік шоғырлануы 10 г/$дм^3$) құйылып, белгіге дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен жеткізеді.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған жабық ыдыста сақтау мерзімі – 6 ай.

10.1.5 Аралас палладий -магний модификатор ерітіндісін дайындау

Сыйымдылығы 25 $см^3$ өлшегіш құтыға 1,25 $см^3$ палладий нитраты бастапқы ерітіндісі (үлестік шоғырлануы 10 г/$дм^3$) және 1,25 $см^3$ магний нитраты бастапқы ерітіндісі (үлестік шоғырлануы 10 г/$дм^3$) құйылып, белгіге дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен жеткізеді.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған жабық ыдыста сақтау мерзімі – 6 ай.

10.1.6 Көлемдік қатынасы 1:1 болатын азот қышқылы азот қышқылы ерітіндісін дайындау

К 100 $см^3$ екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) суды араластыру кезінде концентрацияланған азот қышқылының бірдей көлемі құйылады.

Полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған ыдыста сақтау мерзімі шектелмеген.

10.1.7 Үлестік шоғырлануы 100 мг/$дм^3$ болатын элементтер ерітіндісін дайындау

Сыйымдылығы 25 $см^3$ өлшегіш құтыға тамшуыр көмегімен тиісті ион ерітіндісі құрамының 5 $см^3$ ГСҮ құйылып, 10.1.1 бойынша көлемдік үлесі 0,3 % болатын азот қышқылы ерітіндісімен белгіге дейін апарып араластырады.

Ерітінді полиэтилен, полипропилен немесе фторопласттан жасалған ыдыста 3 ай бойы сақтау кезінде тұрақты.

Ескертпе. Күшәнді қолдану кезінде осы концентрация ерітіндісі дайындамайды, өйткені, үлестік шоғырлануы 0,1 мг/$см^3$ (100 мг/$дм^3$) күшән ерітіндісінің ГСҮ құрамы ерітіндісі пайдаланылады.

Бұдан әрі үлестік шоғырлануы 100 мг/$дм^3$ болатын жұмыс ерітіндісінің тізбекті сұйылту арқылы (бірақ әрбір қадамда 100 еседен артық емес) 4-кестеде көрсетілген элементтің градуирлеу ерітіндісі дайындалады.

Сұйылту алгоритмі, сондай-ақ фондық ерітінділері мен әр түрлі массалық концентрация ерітінділерін сақтау мерзімі Б қосымшасында келтірілген.

10.2 Сынапты анықтау үшін қосымша мыналар қажет:

10.2.1 Массалық үлесі 4 % болатын калий бихромат ерітіндісін дайындау

4 г калий бихроматы аспасын 96 $см^3$ екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен ерітеді. Тығынмен тығындалған күңгірт шынынан жасалған ыдыста сақтау мерзімі - 3 ай.

10.2.2 Сұйылту ерітіндісін дайындау

Термотөзімді шынынан жасалған стақанға 500 $см^3$ - 600 $см^3$ екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) су құйылады және 50 $см^3$ концентрацияланған азот қышқылы мұқият құйылады. Содан кейін 10.2.1 бойынша 5 $см^3$ калий бихроматы ерітіндісі қосылады және көлемі 1000 $см^3$ дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен жеткізеді. Тығынмен тығындалған күңгірт шынынан жасалған ыдыста сақтау мерзімі - 3 ай.

10.2.3 Массалық үлесі 30 % болатын күкірт қышқылы ерітіндісін дайындау

Термотөзімді стақанға 100 $см^3$ екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) су құйылып мұқият араластырылады және 60 $см^3$ концентрацияланған күкірт қышқылы (d =1,83 г/$см^3$), қосылады, салқындаған соң 200 $см^3$ дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен сұйылтады. Сақтау мерзімі шектелмеген.

10.2.4 Гексахлорплатина қышқылы ерітіндісін дайындау

1 г гексахлорплатина қышқылы аспасын 100 $см^3$ екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен ерітеді. Тығынмен тығындалған күңгірт шынынан жасалған ыдыста сақтау мерзімі - 12 ай.

10.2.5 Үлестік шоғырлануы 10 мг/$дм^3$ болатын сынап ерітіндісін дайындау

Сыйымдылығы 200 $см^3$ өлшегіш құтыға 10.2.2 бойынша шамамен 30 $см^3$ сұйылту ерітіндісі құйылады, үлестік шоғырлануы 1 г/$дм^3$ болатын сынап ерітіндісі құрамының 2,0 $см^3$ ГСҮ енгізеді, белгіге дейін сұйылту ерітіндімен жеткізіп, мұқият араластырылады. Тоңазытқыштағы сақтау мерзімі - 6 айдан артық емес.

10.2.6 Үлестік шоғырлануы 100 мкг/$дм^3$ болатын сынап ерітіндісін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға 10.2.5 бойынша үлестік шоғырлануы 10 мг/$дм^3$ болатын сынап ерітіндісі құйылады, 10.2.2 бойынша сұйылту ерітіндісімен белгіге дейін жеткізіп, мұқият араластырады. Тоңазытқышта сақтау мерзімі – 3 айдан артық емес.

10.2.7 Үлестік шоғырлануы 2 мкг/$дм^3$ болатын сынап ерітіндісін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға 10.2.5 бойынша үлестік шоғырлануы 100 мг/$дм^3$ болатын 2,0 $см^3$ сынап ерітіндісі құйылады, 10.2.2 бойынша сұйылту ерітіндісімен белгіге дейін жеткізіп, мұқият араластырады. Тоңазытқышта сақтау мерзімі – 10 айдан артық емес.

10.2.8 Үлестік шоғырлануы 1 мкг/$дм^3$ болатын сынап ерітіндісін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға 10.2.5 бойынша үлестік шоғырлануы 100 мкг/$дм^3$ болатын 1,0 $см^3$ сынап ерітіндісі құйылады, 10.2.2 бойынша сұйылту ерітіндісімен белгіге дейін жеткізіп, мұқият араластырады. Тоңазытқышта сақтау мерзімі – 10 айдан артық емес.

10.2.9 Үлестік шоғырлануы 0,5 мкг/$дм^3$ болатын сынап ерітіндісін дайындау

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға 10.2.5 бойынша үлестік шоғырлануы 2 мкг/$дм^3$ болатын 25 $см^3$ сынап ерітіндісі құйылады, 10.2.2 бойынша сұйылту ерітіндісімен белгіге дейін жеткізіп, мұқият араластырады. Ерітінді пайдалану күніне дайындалады.

11 Өлшемдерді орындауға дайындау

Өлшемдерді орындауға дайындау кезінде мынадай жұмыстар өткізілуге тиіс: спектрометрді жұмысқа дайындау, екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) су сапасын тексеру, спектрометрді градуирлеу, сынамаларды іріктеу және талдауға дайындау.

11.1 Сынамаларды іріктеу

Тамақ өнімдері мен өндірістік шикізат, құрастырылған жемдер мен құрастырылған шикізаттардың зертханалық сынамаларын іріктеу өнімнің нақты түріне арналған нормативтік құжаттамаға сәйкес өткізіледі, мысалы астық және олардан өңделген өнімдері сынамаларын іріктеу ГОСТ 13586.3 және ГОСТ 27668, жарма ГОСТ 26312.1 бойынша, ұннан пісірілген өнімдер ГОСТ 5667 бойынша, шұжық өнімдері және шошқа, қой, сиыр және союға арналған мал мен құс етінен жасалған өнімдер ГОСТ 9792 бойынша, құс еті ГОСТ 7702.0 бойынша, балық және балық өнімдері, балықтық емес объектілері ГОСТ 31339 бойынша, жеміс – көкөніс өнімдері ГОСТ 26313 бойынша, арпа-кебек өнімдері ГОСТ 30364.0 бойынша, құрастырылған жемдер мен оларды өндіретін шикізат ГОСТ 13496.0 бойынша өндіріледі.

11.2 Қорғасын, кадмий, хром мөлшерін анықтауға арналған сынамаларды дайындау

Егер сынама құрамы белгісіз жағдайда, минералдаудың барлық тәсілдері үшін тиісті тәсілге арналған максималды аспаны алу керек. Сынамаларды құрғақтай минералдау тәсілімен толық минералдау болмайтын жағдайда (мысалы, ерімейтін қышқылда қалдықтар туындайды) 11.2.2 бойынша ылғал минералдау пайдаланылады немесе 11.2.3 бойынша жоғары қысым кезінде минералданады.

11.2.1 Құрғақ минералдау

Құрғақ минералдау тәсілі шикізаттар мен өнімдердің барлық түрлері үшін қолданылады.

Фарфор тигельге немесе кварц тигельге (тостағанға) 0,5 г - 2 г өнім аспасы салынады және ГОСТ 26929 сәйкес минералдау өткізіледі. Алынған күл 10.1.6 бойынша 1 $см^3$ азот қышқылы (1:1) ерітіндісімен ерітіледі және ылғал тұзға дейін буланады және 10.1.1 бойынша сыйымдылығы 25 $см^3$ - 100 $см^3$ өлшегіш құтыға массалық үлесі 0,3 % болатын азот қышқылы ерітіндісі құйылады. Белгіге дейін сол қышқыл ерітіндісімен жеткізіп араластырылады.

11.2.2 Ылғал минералдау

Массасы 0,5 г – 1 г болатын сынама аспасы Кьельдаль құтына құйылады және ГОСТ 26929 бойынша органикалық заттардың бұзылуы өткізіледі. Кьельдаль құты орналасқан аспаға 10 $см^3$ концентрацияланған азот қышқылы қосылады және кемінде 15 мин ұсталады. Содан соң құты ішіндегі сұйық 3 $см^3$ - 5 $см^3$ дейін буландырылып, құты қыздырғышта қыздырылады. Осыдан кейін 1 $см^3$ порция бойынша 15 $см^3$ 30 %-дық сутек тотығы мұқият құйылады және 3 $см^3$ - 5 $см^3$ дейін тағы да буландырады.

Толық минералданған сынама деп құрамында ерімеген бөлшектері жоқ, тұнық түссіз сұйықты білдіреді (болымсыз ақшыл – сары бояулар рұқсат етіледі).

Жартылай минералданған жағдайда таңдалған аспа массасын азайтуға немесе ыдырау кезінде пайдаланылатын реактивтер мөлшерін арттыру ұсынылады.

Ылғал минералдау тәсілімен алынған ерітінді сыйымдылығы 25 $см^3$-100 $см^3$өлшегіш құтыға Кьельдаль құты қабырғасын екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен шаю арқылы құйылады. Белгіге дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен жеткізіп араластырылады.

11.2.3 Жоғары қысым кезінде минералдау

Жоғары қысым кезінде минералдау әдісімен сынамаларды дайындау ГОСТ Р 53150 сәйкес өткізіледі. ГОСТ Р 53150 бойынша қысым астында минералдауға арналған кез келген құрал пайдаланылады, мысалы СВЧ-минерализатор немесе микротолқынды қыздыру тәсілімен микротолқынды жүйесі. Жұмыс тәртібі осы құралдарды пайдалану арқылы минералдау өткізу бойынша пайдалану бойынша нормативтік құжатта және әдістемелік нұсқаулықта көрсетілген. Сынақ аспасы 0,5 г бастап 1 г дейін, концентрацияланған азот қышқылын көлемі 10 $см^3$-15 $см^3$ құрайды.

Алынған минерализат сынама минералдауы екі рет тазартылған (йонсыздандырылған) сумен өткізілген фторопластикалық стақан қабырғасын шая отырып, сыйымдылығы 25 $см^3$ - 50 $см^3$ өлшегіш құтыға құйылады. Белгіге дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен жеткізіп араластырылады.

11.3 Сынап мөлшерін анықтау үшін сынамаларды дайындау

11.3.1 Ылғал минералдау

Массасы 0,1 г - 2,0 г болатын сынама аспасы тегістелген түбі дөңгелек термотөзімді құтыға құйылады, 10 $см^3$ концентрацияланған азот қышқылы (егер қышқыл сынамамен қарқынды сіңіретін жағдайда, 1 $см^3$ бастап 5 $см^3$ дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен және оны 10 – 20 мин қалдырады. Құтыны кері тоңазытқышпен жабылады, тоңазытқыш жейдесі арқылы су тогын қосады және ыдыраудың бірінші сатысында қатты реакциядан қаша отырып, қоспаны мұқият қыздырады. Содан соң қоспаны құйғанға дейін жеткізе отырып, қыздыру қарқындылығы арттырады. Кезеңнің бағыттау ұзақтығы 30 мин бастап 40 мин дейін. Кері тоңазытқыш арқылы реакциялық қоспаға азот оксидін қатты бөлуді тоқтаған соң 5 $см^3$ концентрацияланған азот және күкірт қышқылы мұқият қосылады. Қарқынды қайнату арқылы қыздыруды арттырады. 30 мин бастап 40 мин дейін ұсталады.

Тоңазытқыш жейдесіне 2 -3 мин басу арқылы су тогы жабылады, сынама бояуы жоғалғанға дейін 2 – 3 мин аралығымен 2 $см^3$ порциямен кері тоңазытқыш арқылы сутек тотығы реакциясына енгізеді (10 $см^3$ - 30 $см^3$ қажет етіледі).

Толық минералданған сынама деп құрамында ерімеген бөлшектері жоқ, тұнық түссіз сұйықты білдіреді (болымсыз ақшыл – сары бояулар рұқсат етіледі). Жартылай минералданған жағдайда таңдалған аспа массасын азайтуға немесе ыдырау кезінде пайдаланылатын реактивтер мөлшерін арттыру ұсынылады.

Осы жағдайда реактивтердің жиынтық көлемі минерализат құйылған құты көлемінен аспауға тиіс, себебі сынаманы дайындау процесінде қоспа көлемі азайтылмайды.

Бұдан әрі кері тоңазытқыш арқылы аздаған екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) су қосылады және реакциялық қоспаны тағы да 5 мин қайнатады, одан кейін салқындатып, кері тоңазытқыш алынады және 10.2.1 бойынша 2 $см^3$ калий бихромат ерітіндісі қосылады.

Алынған ерітінді сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға түбі дөңгелек құты қабырғасын екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен шаю арқылы құйылады. Белгіге дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен жеткізіп араластырылады. Сынаманы 48 сағат бойы талдау керек.

Ескертпе. Калий дихроматы бояуын минерализатқа қосу кезінде жылдам бұзылу сынамада ыдырамаған сутек тотығының болуы немесе органикалық матрицаны толық емес минералдау туралы куәландыра алады, екеуі де қолжетімсіз. Осы жағдайда сынаманың минералдауын қайталау керек.

11.3.2 Жоғары қысымда минералдау

Жоғары қысымда минералдау әдісімен сынамаларды дайындау ГОСТ Р 53150 стандартына сәйкес өткізіледі.

ГОСТ Р 53150 бойынша қысым астында минералдауға арналған кез келген құрал пайдаланылады, мысалы СВЧ-минерализатор немесе микротолқынды қыздыру тәсілімен микротолқынды жүйесі. Жұмыс тәртібі осы құралдарды пайдалану арқылы минералдау өткізу бойынша пайдалану бойынша нормативтік құжатта және әдістемелік нұсқаулықта көрсетілген.

Массасы 0,1 г сынақ аспасы сынама дайындауға арналған фторопласт стақанға салады, 5 $см^3$ концентрацияланған азот қышқылы қосады және 0,8 МПа қысым астында 20 мин бойы ыдырау процесі өткізіледі. Жабық жүйедегі қысым 0,2 МПа дейін түскен соң, оны лақтырады. Осындай процедура сынап шығынын болдырмауға мүмкіндік береді.

Алынған ерітінді сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға фторопласт стакан қабырғасын екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен шаю арқылы құйылады. Белгіге дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен жеткізіп араластырылады. 2 $см^3$ калий бихроматы ерітіндісі 10.2.1 бойынша құйылып, белгіге дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен жеткізіп араластырылады.

11.4 Күшәннің мөлшерін анықтауға арналған сынамаларды дайындау (ылғал минералдау)

Массасы 0,1 г - 2,0 г сынақ аспасы түбі дөңгелек термотөзімді құтыға құйылады, 10 $см^3$ концентрацияланған азот қышқылы енгізіледі және оны 10 – 20 мин қалдырады.

Құтыны кері тоңазытқышпен жабады, тоңазытқыш жейдесі арқылы су тогын қосады және ыдыраудың бірінші сатысында қатты реакциядан қаша отырып, қоспаны мұқият қыздырады. Содан соң қоспаны құйғанға дейін жеткізе отырып, қыздыру қарқындылығы арттырады. Кезеңнің бағыттау ұзақтығы 30 мин бастап 40 мин дейін. Кері тоңазытқыш арқылы реакциялық қоспаға азот оксидін қатты бөлуді тоқтаған соң 5 $см^3$ концентрацияланған азот және күкірт қышқылы мұқият қосылады. Қарқынды қайнату арқылы қыздыруды арттырады. 30 мин бастап 40 мин дейін ұсталады.

Тоңазытқыш жейдесіне 2 -3 мин басу арқылы су тогы жабылады, сынама бояуы жоғалғанға дейін 2 – 3 мин аралығымен 1 $см^3$ - 2 $см^3$ порциямен кері тоңазытқыш арқылы сутек тотығы реакциясына енгізеді (5 $см^3$ - 10 $см^3$ қажет етіледі).

Толық минералданған сынама деп құрамында ерімеген бөлшектері жоқ, тұнық түссіз сұйықты білдіреді (болымсыз ақшыл – сары бояулар рұқсат етіледі). Жартылай минералданған жағдайда таңдалған аспа массасын азайтуға немесе ыдырау кезінде пайдаланылатын реактивтер мөлшерін арттыру ұсынылады.

Осы жағдайда реактивтердің жиынтық көлемі минерализат құйылған құты көлемінен аспауға тиіс, себебі сынаманы дайындау процесінде қоспа көлемі азайтылмайды.

Бұдан әрі кері тоңазытқыш арқылы аздаған екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) су қосылады және реакциялық қоспаны тағы да 5 мин қайнатады, одан кейін салқындатады.

Алынған ерітінді сыйымдылығы 25 $см^3$-100 $см^3$ өлшегіш құтыға түбі дөңгелек құты қабырғасын екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен шаю арқылы құйылады. Белгіге дейін екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен жеткізіп араластырылады.

Ескертпе. Қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес тамақ өнімдері мен құрастырылған жем элементтерін анықтау үшін минералдаудың басқа да әдістерін пайдалануға болады, алайда осы жағдайда пайдаланушы метрологиялық сипаттаманың бағалауын өздігінен өткізуге тиіс.

11.5 Бос сынаманы дайындау

Бос сынама сынамаларды талдау кезінде сол реактивтерді, сол мөлшерде пайдалана отырып, талданатын объектінің аспасыз, жұмыс сынамаларының әрбір топтамасымен бірге бір уақытта дайындалып талданады.

Ескертпе. Бос сынама сигналының шамасы ерітіндідегі элементтердің төменгі концентрация аумағында өлшемдерді өткізу мүмкіндігін анықтайтынын ескеру керек. Бос сынаманы ластанудың негізгі себебі сынаманы дайындау кезінде пайдаланылатын қышқыл болып табылады.

11.6 Элементтерді тура анықтау кезінде спектрометрді градуирлеу

11.6.1 «Бос атомдау» өткізу

Спектрометрді градуирлеуге кірісе отырып, сондай-ақ сынамадағы белгілі бір элементтің мөлшерін өлшеу алдында «бос атомдау» өткізу керек, яғни атомизатордың графиттік кюветасына сынаманы өткізбей 3-кесте бойынша өлшемдердің таңдалған параметрлерінде атомдаудың барлық процедурасын іске асыру керек.

Элементпен анықталатын кюветаның ластауы жоқтығына көзіне жеткізу керек және ластау болатын жағдайда күйдіру арқылы жою керек. «Бос» атомдауды аналитикалық сигналдың мәні 0,01 төмен түскенге дейін өткізеді.

11.6.2 Сапаны бақылау екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен және азот қышқылы ерітіндісімен өткізеді. Жұмыс бастар алдында 10.1.1 бойынша екі рет тазартылған су (йонсыздандырылған) сумен және азот қышқылы ерітіндісімен сапасы тексеріледі. Ол үшін граудирлеу сипаттамасы үшін белгіленгендер бойынша 12-бөлімге сәйкес анықталған элементтің үлестік шоғырлануы өлшенеді.

Егер 40 мм^3 енгізу кезінде элементтің үлестік шоғырлануының өлшенген мәні градуирлеу ерітіндісінің үлестік шоғырлануы мәнінің 4-кестеде ұсынылатын мәндердің 5 % аспайтын жағдайда, су сапасы (азот қышқылы ерітіндісі) қанағатты боп танылады. Егер градуирлеу сипаттамасы зертханадағы осы элементтер үшін белгіленбеген жағдайда, онда дайындаушы – зауытта белгіленген градуирлеу сипаттамасы пайдаланылады.

Градуирлеу сипаттамасы болмаған жағдайда судың бірдей көлемінен (азот қышқылы ерітіндісі) және 0,05 аспауға тиіс градуирлеу ерітіндісі (мысалы, 20 мм^3) аналитикалық сигналдар қатынасы табылады.

11.6.3 Спектрометрдің градуирлеуі

Сынамаларды гардуирлеу кезінде және талдау кезінде әрбір элемент үшін атомдау процесінің әр түрлі сатысын өткізетін ұсынылатын параметрлері 3- кестеде келтірілген.

3-кесте. Талдауды өткізу шарттары

Элемент	Толқын ұзындығы, нм	Кептіру		1-пиролиз		2-пиролиз		Атомдау		Тазалау	
		Уақыт, с	Температура, °С	Уақыт, с	Температура, °С	Уақыт, с	Температура,	Уақыт, с	Температура, °с	Уақыт, с	Температура,
Cd*	228,8	40	120	20-30	600	**	**	1.5	1300	2,0	1500
Pb*	283,3	40	120	20-30	650	20	1450	1.5	2400	2.0	2700
As*	193,7	40	120	20-30	600	**	**	1.5	2750	2,0	2800
Cr	357,9	40	120	20-30	600	20	1500	1.5	2550	2,0	2700
Sn*	286,3	40	120	20-30	600	**	**	1.5	2650	2.0	2750

* модификаторды пайдаланып анықтау (5-кесте).

** 2-пиролиз қажет болған жағдайда өткізіледі (егер 12.1 бойынша өткізілетін нәтижелердің анықтығы расталмайды).

Спектрометрдің градуирлеу сипаттамасы элемент концентрациясынан аналитикалық сигнал байланысын білдіреді.

11.7.1 бойынша дайындалған атомизатордың графиттік кюветасына Б қосымшасына сәйкес дайындалған тиісті элементтің 10; 20; 40 мм^3 градуирлеу ерітіндісінің автосемплер көмегімен немесе тікелей дозатормен енгізіледі.

Әрбір элемент үшін градуирлеу ерітіндісінің үлестік шоғырлануының ұсынылатын мәндері 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. Градуирлеу сипаттамасын құруға арналған ерітіндісінің үлестік шоғырлануының ұсынылатын мәндері

Элемент	Градуирлеу ерітіндісінің үлестік шоғырлануы, мкг/дм^3
Cd	1
Cr	5
As, Pb	10
Sn	20

Хромнан басқа барлық элементтер үшін градуирлеу сипаттамасы модификаторды пайдалану арқылы құрылады. 5-кестеде пайдаланылатын модификаторлар мен олармен жұмыс істеу тәсілдері келтірілген.

Сынамаларды талдау кезінде градуирлеуді өткізу кезінде пайдаланылатын модификатор енгізіледі.

5-кесте. Модификаторды енгізу

Элемент	Модификатор	Көлемі, мм^3	Енгізу тәсілі
Cd	$Pd(N0_3)_2$ 10.1.3 бойынша	10	1,2
Pb	$Mg(N0_3)_2$+$NH_4H_2P0_4$ 10.1.4 бойынша	10	1,2
Sn	$Pd(N0_3)_2$+$Mg(N0_3)_2$ 10.1.5 бойынша	10	1,2
As	$Pd(N0_3)_2$ 10.1.3 бойынша	10	1,2
1-тәсіл. Модификаторды тізбектеп және сынаманы тікелей кюветаға енгізу (сынама мен модификатордың жиынтық көлемі 50 мм^3 аспауға тиіс). 2-тәсіл. Модификаторды градуирлеу ерітіндісіне/сынаманы енгізу. 1 см^3 градуирлеу ерітіндісіне/сынамаға 20 мм^3 модификатор ерітіндісін қосады, сосын спектрометрдің графиттік кюветасында дозаланады.			

Градуирлеу ерітіндісінің ұсынылатын көлемінің әрқайсысы бес реттен графиттік кюветаға енгізіледі және спектрометрге программалық қамтамасыз етуді пайдалану арқылы, аналитикалық сигнал шамасы өлшенеді.

Содан соң барлық енгізулер үшін сигналдың орташа арифметикалық мәні және 6 % аспауға тиіс оның орташа квадраттық ауытқуы (ОКА) есептеледі.

Егер осы шарт сақталмаса, онда тұрақсыздық себебін тауып жою керек және градуирлеу ерітіндісін қайта енгізу керек.

Нөлдік нүктенің аналитикалық сигнал ретінде (нөлге тең тиісті элементтің массасы) күйдірілгендерден графиттік кюветаның 11.6.1 бойынша сигнал алынады.

Нөлдік нүкте үшін ОКА мәнін тексеру өткізілмейді.

Графиттік кюветаға енгізілген элемент массасы мына формула бойынша есептеледі, (M, пг):

$$M = C \cdot V \ , \qquad (1)$$

мұндағы C- градуирлеу ерітіндісінің массалық концентрациясы, мкг/дм^3;

V – кюветаға енгізілген градуирлеу ерітіндісінің көлемі, мм^3.

Спектрометрге программалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып градуирлеу сипаттамасы белгіленеді.

11.6.4 Градуирлеу сипаттамасының қабылдағыштығын тексеру

Градуирлеу сипаттамасының қабылдағыштығын тексеру оны салғаннан кейін 11.6.3 бойынша тікелей өткізіледі, бұл ретте оны салу кезінде енгізілген модификаторлар енгізіледі. Қабылдағыштығын тексеру өткізу алдында 11.6.1 бойынша графиттік кювета күйдіруін өткізу керек.

Тексеру градуирлеу кезінде пайдаланылатын 15; 20; 25 мм^3 ерітіндісі кезінде анықталатын элементтің үлестік шоғырлануын өлшеуден тұрады. Ерітіндінің таңдалған көлемін кемінде үш рет графиттік кюветаға енгізіледі.

Спектрометрге программалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, барлық өлшемдер үшін элементтің үлестік шоғырлануының орташа мәні алынған мәндердің салыстырмалы ОКА есептеледі.

Егер:

- ОКА мәні 6 % артпайтын жағдайда;

- тиісті элементтің үлестік шоғырлануының орташа арифметикалық мәнінің нақты мәнінен ауытқуы (4-кесте) 12 % артпайтын болса, градуирлеу сипаттамасы қабылданбалы деп танылады.

11.6.5 Градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылау

Градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылау спектрометрде әрбір жұмыс бастар алдында және әрбір 12 -20 өлшемнен кейін өткізіледі. Бұл ретте градуирлеу сипаттамасын өткізу кезінде енгізілген сол модификатор енгізіледі

Бақылауға арналған үлгі ретінде 4-кестеде келтірілген үлестік шоғырлануы элементінің ерітіндісі пайдаланылады.

Дозаланатын көлемде элементтің массасы градуирлеу сипаттамасы ауқымына сәйкес келетін жағдайда басқа да концентрация ерітінділерін пайдалануға болады.

10 мм^3 бастап 40 мм^3 дейінгі бақылауға арналған үлгі атомизатордың графиттік кюветасын кемінде үш рет енгізіледі және жұмыстың таңдалған режимдеріне сәйкес элементтің үлестік шоғырлануының мәндері өлшенеді (3-кесте).

Егер:

- өлшеу нәтижелерінің ОКА мәні 6 % артпайтын жағдайда;
- тиісті элементтің үлестік шоғырлануының орташа арифметикалық мәнінің нақты мәнінен ауытқуы 15 % артпайтын болса, градуирлеу сипаттамасы тұрақты деп танылады.

Осы жағдайда градуирлеу сипаттамасы сынамаларды бұдан әрі өлшеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Кері жағдайда градуирлеу сипаттамасы тұрақтылығын бұзуға әкелетін (ерітіндіні дайындау кезіндегі қателіктер, графиттік кюветаның жұмыс қабілеттілігі ресурсының бітуі) себептер табылады, олар жойылады және 11.6.2 бойынша спектрометрдің градуирлеуі тағы да өткізіледі.

Тұрақтылығын бақылағаннан кейін алынған нәтижелер күмәнді болып табылады, осы кезеңде өткізілген сынамаларды өлшеу қайталанады.

Ескертпе. Зертхана градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылау және қабылдауды тексеру кезінде олардың мәні осы тармақта келтірілген мәндерден артпайтын жағдайда, нормативтің меншікті мәндерін белгілеуге құқылы.

11.7 Сынапты анықтау кезінде спектрометрді градуирлеу

11.7.1 Кюветаны платиналау

Графиттік кюветаға дозатормен 40 мм^3 гексахлорплатина қышқылы ерітіндісі енгізіледі (10.2.4) және атомдау былай өткізіледі.

- кептіру - 120 °С, 40 с;
- 1-пиролиз - 600 °С, 20 с;
- 2-пиролиз- 1500 °С, 3 с;
- атомдау – 2000 °С, 2 с;
- тазалау – 2200 °С, 2 с;
- пауза - 60 с.

Барлық операциялар аргонның үлкен ішкі тогында өткізіледі (0,5 - 1,0 дм^3/мин).

Ерітіндіні енгізу процедурасы және атомдау тағы да төрт рет қайталанады, содан кейін кювета жұмысқа дайын болады.

Платиналау 50 -60 өлшем өткізген соң, сондай—ақ жұмыс процесінде 11.7.4 бойынша градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылаудың кері нәтижелері кезінде қайталанады.

11.7.2 Спектрометрді градуирлеу

Спектрометр пайдалану бойынша нұсқауға сәйкес сынапты – гидридті қондырмасымен бірге жұмысқа дайындалады.

Градуирлеу құрудың ұсынылатын параметрлері 6-кестеде келтірілген.

